

Күшлік хан
(Шамамен 1180-1185 жылдары туған,
1218 жылы қаза тапты)

«Шыңғыс қаған артынан қуып, Алтайдың бөктерін қыстап, сиыр жылғы көктемде (1205 жыл) Арай асуын асып барса, найманның Күшлік ханы... меркіт Тоқтаға кез болып, екеуі Ертіс дариясының Бұқтырма деген жерінде әскерлерін дайындап тұр екен».

«Моңғолдың құпия шежіресі», 198-тармақ

I

Төрт құбыласы түгел, мейманасы тасып отырған найман қағанатының бақ дәурені басынан ұшып, босқынға айналды. Ер-азаматының тең жартысы сай-сайда ақ сүйекке айналып, көмусіз қалды. Күшлік хан әкесінің қазасын естіген соң Шыңғыс ханның «төрт төбетіне» – Жебе, Зелме, Құбылай, Сүбедейдің қайысқан қолына қарсы арыстанша атылды. Тамыр өзенінің жағасындағы қанды шайқаста жанталасып жүріп, аз ғана жасақпен араннан сытылып шықты. Аман қалған жұртын соңына ертіп, Алтайдың құзар шыңын сағалап, Арай асуынан асты. Көккөздің мұзы шілде айында ғана еріп, Мұзтаудың жолы ашылатын. Күшлік қанын ішіне тартып тұрып, бұлт ораған белеңге шығып, кейін қалған атамекенімен қоштасты:

– Қош бол, атажұртым! Бағымызды тасытып, байлығымызды асырған алтын қойнауада найман ұлысы жорға мініп жортып, қыздары үкі тағып үлпілдеп жүруші еді. Түбімізге алауыздық пен аңғалдық, аярлық жетті-ау. Әкем Таян ханның: «Аңғармай сөйлеген ауырмай өлер. Атаны мазақтаған ұл ақымақ. Сен азап шегіп өлерсің-ау. Ағайыныңа айғайлама. Айла-күшінді маған емес, жауға жұмса!» – дегені алдымнан шықты-ау. «Моңғол деген исі сасық қаңсыған, киімі кір аңқыған құбыжық қой. Қыз-келіншектеріне аяғыңды жудырып, қолыңа су құйдырып, сиыр саууға ғана жарайды», – деген Күрбесті шешемді қорлап, Шыңғыс хан өзіне қызметші етті. Қарындасым Айкүнді Төлеге телігенін қайтіп ұмытайын? Тірі болсам сендерді тепкіден құтылтып, ақ боз биенің сүтіне шомылдырармын. Елімнің басын құрап, есімді жияйын! Қош, атажұрт! – деп тебірене толғанды да қарлы шыңға қарай беттеді.

Өкінді не, өкінбеді не, ендігі ашу-ызаның, іштегі қыжылдың орнын ештеңе де толтыра алмайтын. Күшлік хан өзінің қателігін тым кеш түсінді. Ағасы Бұйрық ханға қол ұшын бермей, саяқ қалды. Әкесі Таян ханның

Сарыкемердегі шайқасына қасақана кешігіп жетті. Егер де үшеуінің басы қосыла қимылдағанда мына қасіреттің қара теңізін кешпес пе еді, қайдам. Арай асуынан бұлтпен бірге араласып, боталары боздап, құлындары кісінеп, баспақтары мөңіреп, әкесін, ағасын, бауырын көме алмай, көкірегі қарс айырыла аңыраған әйелдердің жоқтауын естіп тұрған Күшліктің жүрегі қан жылады. О, дариға! Сонда ғана мынау атамекенмен мәңгілік коштасып тұрғанын сезді. Бірақ: «Қалайда қайтып ораламын!» – деді. Өйткені Шыңғыс ханның қосында өзінің әйелі мен балалары да қалып бара жатыр еді.

Бірақ та «анасынан қан уыстап туған» ашынған арланның араны бұрынғыдан бетер ашылғанын Күшлік хан білмеді. Шыңғыс хан әміршісіз қалған «найманның еліне Алтай аңғарында ойран сап, оларды тұп-тұтас бодан етті». Іле олжаны нояндарына бөліп берді де ата кегін қууға ант берді. Әскерін тәртіпке келтіріп, қыс бойы Алтайдың алқымына қыстап шығып, жорық аттарын жұтындырып күтті де сиыр жылы, яғни 1205 жылы көктемде, Алтайдың Арай асуынан асып, меркіттерді тұқым-тұяғымен қыруға аттанды:

– Ата кегімді меркіттің Тоқта бегі өзімен ала кетті. Найманның Күшлік ханының көкірегінде ашу-ыза кетті. Сорхон шалдың ұлы Шымбай ноян! Сен сол қолдық әскерді баста да, олардың алдын орап, тосқауыл қой! Жекпе-жекте мен өзім бастаймын! – деді.

Шолғыншылар бұл хабарды жеткізгенде Күшлік ханның соңына ерген ел қайғы-қасіреттен әлі де арыла алмай, Арай асуынан асқан бетте көшін тоқтатып, теңін шешкен еді. Құтырынған қасқырдан құтылды деп ойлап, Күшлік хан Көккезеңге ғана күзет қойған еді. Шымбай ноянның қазіргі Қосағаш-Жазатыр арқылы орағытып өтіп, Тоқтаның алдынан шыққанын естігенде Көккезеңді қарауылсыз қалдырды да өзі соған көмекке ұмтылды. Ел-жұртқа қазіргі Қатонқарағай аңғарын сағалап, Тарбағатайға көшуді бұйырды. Ол Бұқтырманың Ертіске қосылар сағасындағы меркіттерге жете берген кезде қапы қалғанын білді. Шыңғыс ханның өзі басқарған түмен Көккезеңнен асып, артта қалған елін қырып-жойып, мұның жасақтарының соңынан түре қырып келеді екен. Күшлік пен Тоқтаның әскері бір-біріне қосыла алмайды. Ағынды Бұқтырма тасып жатыр еді. Қаны қарайған Күшлік Шыңғысқа қарсы ұмтылады. Алайда аты арып, тоны тозған найман жасақтары селдей соққан жасаулы әскердің екпініне шыдамады. Қызыл қырғын шайқас үш күнге созылды. Меркіт көсемі Тоқтаның тамақ тамырын садақ оғы қиып кетіп, қаза тапты. Әбден булыққан жасақтар ағыны басылмаған Ертіс өзеніне ат-матымен қойып кетті. Болдырған атта қайбір күш болсын. «Моңғолдың құпия шежіресінің» айтуынша, «ол жерде меркіттер мен наймандар бірігіп соғыса алмайтын болған соң бұлтара қашып, Ертіс дариясынан өткенде көбі суға кетіп өледі... Шағын адамдары ғана

Ертістен өтіп, бет-бетіне безді. Найманның Күшлік ханы қарлықтарды басып өтіп, сартауыл жеріндегі Шу өзеніндегі қидандардың гүрханына барып паналайды. Тоқтаның балалары Құты, Қал, Жұлын бастаған меркіттер қаңлы, қыпшақтарға қарай Сарыарқаны көктей босады» (198-тарау). Іле Жошы мен Сүбедейді жасақтап, босқындардың соңынан қуғызды.

Осы арада ескерте кететін жай, Күшлік хан мен Шыңғыстың Бұқтырма өзенінің аңғарындағы соғысын Рашид-ад-дин 1208 жылы өтті десе, «Кұпия шежіре» 1205 жылы деп көрсетеді. Біз шежіреге жүгіндік. Оқиғаның ақиқаты сол: Шыңғыс хан түркі тайпаларын бір-біріне қырдыра отырып, ақырында бәрін де өзіне қаратып тынды. Тек Күшлік хан ғана биліктің тізгініне жабысып, қалайда халқының басын қосуға тырысты. «Сөйтіп киіз туырлықты елдер адалдық іс істеп, барыс жылы (1206) Онон өзенінің жағасына жиналып, тоғыз сирақты ақ ту көтеріп, Темужинді Шыңғыс қаған деп атайды» («Кұпия шежіре»). Ал «Күшлік хан өзінің тайпасымен Жетісуға ауды, оны Хорезмшах Мұхаммедпен соғысу үшін әскери күшке зәру боп отырған гүрхан құшақ жая қарсы алды. Кейін екеуі тату- тәтті дос болды, сұңғылалығы шамалы, адамды тани білмейтін гүрхан оны, тіпті, өзіне уәзір етіп алды. Гүрхан мұнымен де шектелмей, оған қызын ұзатты» (Л. Гумилев). Өзі сергелдеңге түскен Күшлік хан Жилугудің тілін тауып, оны:

– Менің тайпаларым көп. Олар Еміл, Қойлық, Бесбалық жеріне жайыла қоныстанған. Егер маған рұқсат берсеңіз, оларды жинаймын да, осы тайпалардың көмегімен гүрханды қолдап, көмек беремін, – деп («Жол қатынасы тарихының жылнамасы») дәмелендіре сөйледі.

Күшліктің сөзіне сенген гүрхан оған қаражат, қару-жарақ берді. Тез арада Бесбалық, Еміл, Қойлық шаһарларындағы босқын боп жүрген наймандардың, меркіттердің, керейлердің басын қосып, күшті әскер жасақтап алды да, гүрханның өзіне жалын күдірейте бастады. Алтайдың арғы бетіндегі атажұртына емес, оңтүстіктегі Самарқан мен Хорезмге көз қиығын тастады. Ақыры дегеніне жетті. Босқан елдің қасіретін ұмыттырып жіберетіндей қандай мақсат-мүдде? Күшлік атамекені Алтайға неге әскерін алып бармады дейсіздер ме? Мұның да өз себеп-салдары бар еді және Күшліктің ойынша бұл ең дұрыс шешім сияқты көрінді. Енді соған келейік.

II

Гүрхан мен Күшлік арасын жақындастырған тарихи тағдырластық болатын. Кедендердің қағаны Елүй Дашы азып- тозып келгенде оның босқан елінің басын қосып, астына ат, алдына мал салып бергендер – бүгінгі Шыңғыс ханның шеңгеліне түсіп, басына күн туып отырған найман, меркіт,

керей, қарлық тайпалары және Күшліктің бабасы Көкбөрінің тұқымдары еді. Оны Жилигу гүрхан ұмыта қойған жоқ, «Сыйға – сый, сыраға – бал» деген. Хан тұқымының жазылмаған заңы. Екіншіден, Шығыстағы Шыңғыстың тырнағы қидан қағанына қарасты қарлықтарға, ұйғырларға қадалып, ырқына бүріп әкетті. Ұйғырдың Идықұт ханы Ахмет пен Дарбайды елші етіп жіберіп: «Бұлт кетіп, жарық күн шыққандай, мұз еріп, арынды өзен аққандай Шыңғыс қағанға айтарым: алтын белбеуінің тіліне ілініп, асыл ішігінің түгіне жабысып, бесінші ұлың боп қолғабыс етейін», – деп (*«Құпия шежіре»*) өзі мәймөңкелей жөнелді. Қидандар үш оттың арасында қалды. Шығыста – Шыңғыс, бүйірінде – Идықұт, оңтүстігінде – Хорезмшах. Ал Күшліктің әскери соғыс тәжірибесі мен қарауындағы ер мінезді жауынгерлер гүрханға ауадай қажет еді. Үшіншіден, Күшлікпен қоса еріп келген тайпалар Жетісу мен Тарбағатайдан жайлы қоныс тауып, бауыр басып қалды. Оларды жылы орнынан қозғау, оның үстіне, қалың шүршіт пен таңғұтты тұқыртқан Шыңғысқа қарсы жорыққа аттану арыстанның аузына өзі басын ұсынғандай орынсыз тәуекелділік екенін найман ханы анық білді. Оның үстіне, Шыңғыс ханға «сауатты сыпайы қызметшілер ауадай қажет болды. Қағанаттағы ең негізгі буынды лауазымдарды тұтқынға түскен сауатты наймандарға берді» (*Л. Гумилев*). «Моңғол мемлекетінің министрінің бәрі де найман тайпасынан шыққан оқымыстылардан» (*Чулууны Далай*) тағайындалды. Демек, Күшлік ханды аталастары оң қабақпен қарсы алу-алмауы да екіталай болатын. Міне, Күшліктің гүрханмен «тонның ішкі бауындай» араласып кетуінің негізгі себеп-салдары осында жатыр еді.

Қалайда хандықтың тағына мығым отыруды көздеді ме, әлде өзінің ықыласы ауды ма, қайдам, Күшлік Жилигудің қызы Хұнхуға үйленгеннен кейін несториан дінінен шығып, пұтқа табынды. Бұлай құбылуы гүрханның сеніміне кірудің айла-амалы сияқты. Күшлік бірте-бірте қидандардың саяси қайраткері, қолбасшысына айналды. Бұл кезде Орта Азияға мұсылман діні дендей сіңгендіктен Хорезмшах Мұхаммед 1208 жылы көтеріліс ұйымдастырып, Самарқан мен Бұхарды, Хотанды өзіне қаратты. Жилигу гүрхан соларға қарсы жорыққа аттанғанда Күшлік өзінің жасағын жиып, Өзгент шаһарындағы қайын атасының қазынасын жаулап алды. Алайда гүрхан тез арада әскер жиып үлгерді де Күшлікті ниетінен қайырып, кешірім жасады. Қуат-күші әлсіреген гүрханның бұдан басқа амалы да жоқ еді.

Міне, осы тұста мұсылман дінін қабылдаған қара халық одан бас тартып шыға келді. Түрлі алым-салық, зекет-садақадан әбден қажыған олар Хорезмшахқа сырт берді. Діни уағызшыларды Самарқанның базарында дарға асты. Бұл аласапыранды саудагерлер мен көпестер ұйымдастырды. Өйткені Хорезмшах олардың «мұсылман емес дінсіздермен» сауда жасауына тыйым

салды. «Ұйғыр алыпсатарларына саудалайтын дүние керек еді. Олар моңғол әскерлерінің олжаға түсірген кез келген затын қажет мөлшерде шектеусіз, әрине, арзанға сатып алатын» (Л. Гумилев). Дәл сол 1211 жылы қидандардың әскері Күшліктен тартып алған қазына-мүлкін гүрханға бермей, өзара үлеске салды. Сәтті күнді күтіп жүрген Күшлік хан бүлікшілер жағына шықты да Қашқарға барып паналаған қайын атасын тұтқындап, оның бар лауазымын өзіне қалдырды. Ол бұл тосын әрекетін Жилигу гүрхан мен ханымы Хұнхуға:

– Егер дәл осындай шара қолданбасам, онда бүлікшіл әскерлер Сізді өлтіріп, қағанатты құлататын еді. Менің ойым таза, көңілім ақ. Сіз тағыңызда отыра беріңіз. Тек әскери билікті мен алайын, – деді.

Жилигу гүрхан амалсыз көнді. Ол қайын атасы мен қайын енесін ордада қалдырды да бұрынғы қидан патшалығының шекарасын қалпына келтіру үшін және жерді мұсылмандардан тазарту үшін Алмалыққа, Қашқар пен Хотанға жорыққа аттанды. Мұндағы ойы: атажұрты Алтай тауымен шектесетін халықтарды өзіне қаратып, күндердің күнінде Шыңғыс ханға қарсы соғыс ашу үшін іштей жасаған дайындығы еді. 1213 жылы Жилигу өлген соң игі жақсылардың кеңесінде Күшлікті қара қидандардың гүрханы етіп сайлады. Ол таққа отырысымен ислам дініне қатаң тыйым салды. «Тәңірді ұмытсандар түркіні де ұмытасындар. Тым құрығанда пұтқа табыныңдар. Ол үшін сендерден ешкім де зекет-садақа сұрамайды», – деді. Әрине, бұл қателігі мен қаталдығы оның өз басына кесірін тигізді.

Ол моңғолдардың Қытаймен арадағы соғысын пайдаланып, қидан қағанатының жерін кеңейтіп, тікелей Шыңғыс ханның иелігіндегі шаһарға дейін ұлғайтты. Алмалықтың әміршісі Шыңғыстың немере қызы Алтын бике болатын. Ұйғырдың Идықұтына ұзатып тұрып, Шыңғыс хан оған: «Келіншектің үш күйеуі болады. Алғашқы күйеуі – алтын елі, екінші күйеуі – ар-намысы, соңғы күйеуі – ері. Алтын елге берілсе – адалдықпен аты шығады. Адал арын сақтаса – алған жары қайда бармақ?» – деп жарлық етеді («Құпия шежіре»). Осыдан-ақ Алтын бикенің зайыптық парызынан гөрі моңғолдың мұңын мұндайтын, намысын қорғайтын «жансыздық-тыңшылық» міндетін өтеуді бірінші мақсат еткені анық байқалады. Сол Алтын бикенің тағдырына қауіп төнгенін естісімен Жебенің қарамағына 20 мың әскер беріп, Күшлікке қарсы аттандырды.

III

Қашанда қасарысқан жауының ең осал тұсын дәл таба білетін Шыңғыс хан: «Халықтың дініне тиіспе, өзін жеңгенмен де, сенімін жеңе алмайсың», – деп Жебеге де ақыл қосады. Ол Күшліктің ордасы Қашқарға жете бере:

«Кімде-кім ұлы Шыңғыс қағанның бодандығына көшсе – оған қай дінге мінәжәт етемін, қай құдайға сиынамын десе де еркіндік беріледі!» – деп жар салады. Соның алдында ғана Шығыс Түркістандағы ең үлкен Ал-ад-дин медресесінің имамын азаптап өлтірген Күшлік ханға қарсы исі мұсылман атаулы өре түрегеліп, Жебенің әскері келмей жатып көтеріліске шықты. Ұйымдастыру қабілеті мықты, әскери өнерге жетік Күшлік хан саясаткер ретінде үлкен ағаттық жібергенін түсінді. Өзінің бодан елін өзіне дұшпан етіп алған гүрханның барар жері, басар тауы қалмады. Бұл өлкенің құтты мекен болмайтынына көзі жеткен ол шағын ғана жасағымен Памир тауындағы Бадахшан жұртына бет алды. Өзімен қоса гүрханның барлық қазынасын ала кетті.

Таулы жерде қазына артқан керуеннің жүрісі манди ма? Ал салт атты сарбаздар ең байлықты көздері қиып тастай алмады. Жолға қойған тосқауылдың күші моңғолдардың екпінін тежеуге дәрменсіз еді. Әрі қазынаға құныққан шапқыншылардың бетін қайыру мүмкін емес-тін. Бадахшанның аңғарындағы Сарыкөлге іліккен, Күшлік ханның шағын жасағын Жебенің қолы қуып жетті де, табан астында тып-типыл етті. Тігерге тұяқ, мінерге ат қалдырмай, таланға салды. Рашид ад-дин: «Моңғолдар Бадахшаннан мөлшерін айтып жеткісіз алтын ақша мен асыл тастарды олжалап, артынып-тартынып қайтты», – деп жазды.

Жиырма жыл бойы Шыңғыс ханмен алысып, жағаласып жүріп жағасын жыртқан найманның Күшлік ханының ерлікке де, қателікке де, қаталдыққа да толы жанталасқан өмірі ақыры осылай аяқталды. Ал содан кейін Шыңғыс ханның бүкіл Еуразияны, Таяу Шығысты, Шын-Машынды жаулап алуына үш-ақ жыл уақыт жеткілікті болды. Дүниенің тең жартысын жермен-жексен етіп, қайтып келген Шыңғыс хан 1224 жылы қазіргі Шыңғыстауға қыстап шығып, жазда Ертісті жағалап ат шалдырып, Қарақорымға бет алып бара жатты.

Тұрсын Жұртбай, филология ғылымдарының докторы, профессор